

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

**Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту**ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.10.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/182774/>**Төлеуова Сұлу Қобыланқызы**

Ақтөбе облысы, Темір ауданы

Шұбарши мектеп -бөбекжай - балабақшысы

Бастауыш сынып мұғалімі

Педагог - сарапшы

**РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ  
НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ****DEVELOPING FUNCTIONAL LITERACY OF PRIMARY SCHOOL  
STUDENTS****АННОТАЦИЯ**

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары қарастырылады. Заманауи білім беру жүйесі оқушының тек теориялық біліммен қарулануы емес, оны өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілетін дамытуға бағытталған. Функционалдық сауаттылық - оқушының ақпаратты түсініп, саралап, шешім қабылдап, өмірде қолдана алу қабілеті. Мақалада бұл ұғымның мәні мен маңызы, оны қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері, мұғалімнің рөлі және білім беру мазмұнының ықпалы сөз болады. Жас ұрпақтың болашағына берік іргетас қалаудың басты шарты - бастауыш сыныптарда осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру.

**АННОТАЦИЯ**

В статье рассматриваются пути развития функциональной грамотности учащихся начальных классов. Современное образование направлено не только на овладение

теоретическими знаниями, но и на умение применять их в реальных жизненных ситуациях. Функциональная грамотность предполагает способность ученика понимать, анализировать информацию, принимать решения и использовать знания на практике. В статье раскрываются сущность понятия, его значимость, эффективные методы формирования, роль учителя и влияние содержания образования.

## ANNOTATION

This article discusses ways to develop functional literacy among primary school students. Modern education aims not only to provide theoretical knowledge but also to foster the ability to apply that knowledge in real-life situations. Functional literacy includes a student's ability to comprehend, analyze information, make decisions, and apply knowledge in practice. The article highlights the concept, its importance, effective strategies, the teacher's role, and the influence of curriculum content.

## КІРІСПЕ

Қазақстанда білім берудің басты мақсаттарының бірі – оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту. Функционалдық сауаттылық – бұл білімді күнделікті өмірде қолдана білу қабілеті. Бастауыш мектеп – бұл қабілеттің алғашқы қалыптасатын деңгейі. Осы кезеңде алынған білім оқушының болашақтағы жеке және әлеуметтік дамуына үлкен әсер етеді. Сондықтан бастауыш сыныпта оқушыны өмірмен байланыстыра оқыту аса маңызды.

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Функционалдық сауаттылық – PISA халықаралық зерттеулерінде кеңінен қолданылатын ұғым. Ол адамның оқу, жазу, есептеу және логикалық ойлау арқылы өмірлік міндеттерді шешу қабілетін сипаттайды. Бұл ұғым тек академиялық біліммен шектелмейді. Ол баланың ақпаратты түсініп, маңызын айқындап, нақты шешім қабылдаудағы әрекетіне қатысты. Бастауыш сыныптағы оқушының танымдық қабілеттері қарқынды дамитын кезең болғандықтан, осы уақытта берілетін білім тек теориялық емес, тәжірибелік сипатта болуы тиіс.

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

### 1. Мәтінмен жұмыс

Оқушыларға әртүрлі мәтіндер беріп, сол арқылы негізгі ақпаратты табу, себеп-салдарлық байланысты анықтау, өз ойын айтуға үйрету қажет. Мәтінді талдау

тапсырмалары олардың тілдік, логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады.

## 2. Жобалық жұмыс және зерттеуге баулу

Жобалық оқыту баланы өз бетімен ақпарат іздеуге, оны жүйелеуге және тұжырым жасауға баулиды. Бастауыш деңгейде шағын жобалар жасау, мысалы: «Менің отбасым», «Ауламдағы өсімдіктер» секілді тақырыптар, оқушыны зерттеуге бейімдейді.

## 3. Ойын арқылы оқыту

Дидактикалық ойындар мен шығармашылық тапсырмалар баланың қызығушылығын арттырып, белсенділікке жетелейді. Ойын барысында балалар ережені сақтап, шешім қабылдай білуге үйренеді.

## 4. Сараланған және деңгейлік тапсырмалар

Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, тапсырмаларды күрделілік деңгейіне қарай дайындау – олардың функционалдық дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

## 5. Өмірлік жағдаятқа негізделген тапсырмалар

Мысалы: дүкеннен сатып алу, уақытты жоспарлау, көше қиылысындағы қозғалыс ережелері туралы тапсырмалар. Бұл балаларды өмірлік жағдайға бейімдейді.

# МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ МЕН ОҚУ ОРТАСЫ

Функционалдық сауаттылықты дамытуда мұғалім басты тұлға болып табылады. Ол оқушының дербес ойлауына, өз пікірін еркін айтуына, ізденуіне жағдай жасауы қажет. Мұғалім қолданатын әдістер – бала белсенділігін арттыруға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, білім беру ортасы да қауіпсіз, ынталандырушы әрі ашық болуы тиіс.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Функционалдық сауаттылықты дамыту – оқушыны XXI ғасырдың белсенді азаматы етіп қалыптастырудың негізі. Бастауыш сыныпта осы бағыттағы жұмысты жүйелі жүргізу арқылы оқушыны өмірлік дағдылармен қаруландыруға болады. Бұл үшін мұғалім әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп, білім мазмұнын оқушы өмірімен байланыстыруға мән беруі тиіс.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2. Әбдікәрімұлы Б. «Функционалдық сауаттылық: теориясы мен тәжірибесі». – Алматы: «Өрлеу» БАҰО, 2020.
3. OECD. PISA 2018 Results. [www.oecd.org/pisa](http://www.oecd.org/pisa)
4. Қалиев С., Майғаранова Ш. «Бастауыш мектепте оқыту әдістемесі». – Алматы: Рауан, 2019.
5. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы». – Алматы, 2006.
6. Мұхамбетжанова С.Т. «Оқу үрдісінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жолдары». // Бастауыш мектеп. – 2022, №2.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.